

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 6 маусым N 757

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген резервінен көктемгі су тасқыны салдарынан зардап шеккен азаматтардың зияндарын өтеу

үшін Шығыс Қазақстан облысының әкіміне 52 (елу екі) миллион теңге бөлінсін.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.03.28. N 364 қаулысымен.

P020364_

2. Шығыс Қазақстан облысының әкімі:

зардап шеккен азаматтарға өтелуге тиіс төлем мөлшерін анықтау жөнінде комиссия құрсын;

өтелетін төлем сомасы зардап шеккен азаматтардың дербес есепшоттарына комиссия актілерінің негізінде аударылсын;

2001 жылдың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне қаражатты пайдалану туралы есепті ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Шарипова М.Е.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК